

*Сұр құлын жоқ алдында  
Жалбыраған жабағы:  
Томпиды аузы Әлжанның  
Салбырады қабағы.*

Бала қылығына құрылған өлеңнің тамаша бір үлгісі емес пе бұл өлең?!

**Қорытынды.** Сонымен, ХХ ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясындағы Абай, Ыбырай дәстүрлері біріншіден, идеялық сабақтастықтан, екіншіден, тақырыптық үндестіктен, үшіншіден, бейнелеу құралдары мен көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдану жағдайынан байқалды. Халық тағдыры жеке бастарының қайғы-шеріне айналған ақындар шығармашылығында ағартушылық идея терең қойылды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың ағартушылық идеялары, әсіресе, олардың балаларға арналған өлеңдерінен айқын көрінді. Халық тағдыры, халықтың қиын-қыстау тірлігінің шешімі, әсіресе, жас ұрпақ қамы оқу-ағарту ісімен тікелей байланысты болғандықтан, ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясында өнер-білім, оқу тақырыбы маңызды орын алды. Ілгерідегі, яғни ауыз әдебиеті мен Абай, Ыбырай шығармаларындағы көркемдеу құралдары, суреттеу, бейнелеу әдіс-тәсілдері ХХ ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясында өзіндік ерекшеліктері сақтала және жаңаша түрлендіріле қолданылды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Тілешев Е. *Суреткер және көркемдік әдіс.* – Алматы, Арқас, 2005.
- 2 Әбдиманұлы Ө. *XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті.* – Алматы, Қазақ университеті, 2002.
- 3 Алтынсарин Ы. *Таза бұлақ.* – Алматы, Жазушы, 1988.
- 4 Қирабаев С. *Шындық және шығарма.* – Алматы, Жалын, 1981.

*References:*

- 1 Tileşev E. *Suretker jäne körkemdik ädis.* – Almaty, Arqas, 2005.
- 2 Äbdimanuly Ö. *XX ğasyr bas kezindegi qazaq ädebieti.* – Almaty, Qazaq universiteti, 2002.
- 3 Altynsarin Y. *Taza bülaq.* – Almaty, Jazuşy, 1988.
- Qirabaev S. *Şyndyq jäne şyğarma.* – Almaty, Jalyn, 1981.

**МРНТИ 17.82.10**

*Саметова Ж.Ш.,<sup>1</sup> Айтимов М.К.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup> *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан*

## **ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПОЭТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҮНДЕСТІГІ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі қазақ прозаларының мазмұны мен пішіні поэтикасына жаңа жазба реалистік әдебиет үлгілерінің (хакім Абай, Ы. Алтынсарин, т.б. шығармалары) классикалық көркемдік негіз болғандығы баяндалады. Қазақ прозасының Шоқан, Ыбырай, Абай қалыптастырған үлгілері және одан кейінгі даму кезеңдеріндегі шығармалар – ұлттық рухани құндылықтар. Сондай - ақ қазақ прозасындағы роман жанрының әлем әдебиетіндегі үлгілермен тектесе дамуына ықпал еткен ХХ ғасырдың басындағы әдеби үдеріс пен жеке қаламгерлер туралы байыптаулар жасалды. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдарының біразы ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басында жарыққа шықты. Қазақстан атты ежелгі тарихының жаңа кезеңіне көшкен, байырғы жолы бұған дейінгі талай мыңжылдықтардан басталған, қалыптасқан мемлекетіміздің, қазақ ұлтының көркем әдебиеттегі бейнеленуі сөз арқауындағы дәстүрлі шығармашылық үрдіс аясында қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дәстүр, шығармашылық үрдіс, тарихи тұлғалар әлемдік өркениет, ұлттық сөз өнері

Sametova Z.,<sup>1</sup> Aitimov M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Korkyt ata Kyzylorda state University,  
Kyzylorda, Kazakhstan

## ARTISTIC HARMONY OF THE POETICS OF HISTORICAL TRUTH

### Abstract

This article States that the classic artistic basis of modern Kazakh prose, which influenced its content and form, were the works of new written realistic literature ( works of Abay, Y. Altynsarina et al.). Images of Kazakh prose created by Shokan, Ibrai, Abai and works written at the subsequent stages of the development of Kazakh literature are national spiritual values. It also examines the literary process of the early twentieth century and the work of individual writers who contributed to the development of the novel genre in Kazakh prose along with examples of world literature. A large number of Kazakh novels created during the period of independence were published in the 90s of the XX century and the beginning of the XXI century. The article examines how the centuries-old history of the Kazakh people, the history of the Kazakh state from ancient times to the present day is depicted in fiction within the framework of the traditional creative process.

**Keywords:** tradition, creative process, historical figures, world civilization, national art of speech

Саметова Ж.Ш.,<sup>1</sup> Айтимов М.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Кызылорда, Казахстан

## ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ГАРМОНИЯ ПОЭТИКИ ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕАЛЬНОСТИ

### Аннотация

В данной статье говорится, что классической художественной основой современной казахской прозы, оказавшей влияние на её содержание и форму, явились произведения новой письменной реалистической литературы ( произведения Абая, Ы.Алтынсарина и др.). Образы казахской прозы, созданные Шоканом, Ибраем, Абаем и произведения, написанные на последующих этапах развития казахской литературы, – национальные духовные ценности. Также рассматривается литературный процесс начала XX века и творчество отдельных писателей, способствовавших развитию жанра романа в казахской прозе наравне с образцами мировой литературы. Большое количество казахских романов, созданных в период независимости, были изданы в 90-е годы XX века и начале XXI века. В статье рассматривается, как в художественной литературе в рамках традиционного творческого процесса изображается многовековая история казахского народа, история казахского государства с древних времен до наших дней.

**Ключевые слова:** традиция, творческий процесс, исторические личности, мировая цивилизация, национальное искусство слова

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ романдарындағы өмір шындығы бейнеленуінің негіздері халық әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Қазақтың халық әдебиетінде ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек, шаруашылық кәсіп түрлері, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып дәстүрлері, қоғамдық-әлеуметтік, қарым-қатынастар жүйесі, т.б. сан алуан мәселелер қамтылады. Қазақ сөз өнеріндегі кәсіби жазбаша әдебиеттің көркемдік негізгі болған халықтық сөз өнері мұралары да өмір шындығы құбылыстарын қамтуымен ұрпақтардың көркемдік ойлау дүниетанымын қалыптастырды. Қазақ прозасының әуелгі қалыптасу жолындағы үлгілерінен бастап, XX ғасырдағы классикалық роман жанры деңгейіндегі дамуы деңгейіне дейінгі шығармалардың барлығында да өмір шындығын көркемдік жинақтаумен, бейнелеумен жазу үрдісінің біртіндеп жетіле жалғасқанын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалар тарихи деректерді баяндау мен көркем әдебиет бейнелеулері тұтасуы жолын қалыптастырған мұралар болып саналады. Авторларының көзімен көрген оқиғаларын көркемдік талғаммен сұрыптап, іріктеп жазуы арқылы уақыт шындығын жазбаша жүйелеудегі қаламгерлік мәдениет үрдісіне де негіз қаланды. Шежірелік туындылардың құрылысындағы елдің, ондағы көрнекті оқиғалардың қамтылуында туынды авторларының мемлекет қайраткері тұғырындағы тұлғалық танымалдығы да елеулі болды. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шындықпен кең көлемді көркем туындылар жазу үрдісінде шежірелік шығармалар авторларының қайраткерлік, қаламгерлік орындары да сөз өнері тарихындағы маңыздылығымен ерекшеленеді.

**Нәтижелер мен талқылау.** XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жаңа жазба реалистік әдебиет шығармалары да көркем әдебиетіміздегі тарихилықты жаңаша қалыптастыруда маңызды орын алды. Хакім Абайдың эпикалық дастандарында, қара сөздерінде [1,71] өмір шындығы деректері, тарихи тұлғалар тағылымының көркем шындықпен өрнектелуі әдеби сипатпен өрнектелді.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми-этнографиялық очерктері [2] әдеби-тарихи сипатымен ұлттық және жалпыадамзаттық рухани мұралар қатарына қосылды. Шоқан шығармалары ғылыми жазбаларды әдеби-тарихи ерекшеліктер тұтастығымен жазудың әлемдік классикалық дәстүріне сәйкес қазақ топырағында дамытудың іргетасын қалады.

Ал, Ыбырайдың прозалық туындылары [3,93] эпостық әдеби тек жанрларына ортақ реалистік шығармашылыққа жол ашты. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері – қазақ әдебиетіндегі жазбаша прозалық шығарма жазу үрдісі жолындағы жаңа жазба реалистік әдебиет үлгілері болып саналады. Қазақ әдебиеттануы ғылымы игерген жетістіктер арқылы ұлттық әдебиетіміздегі прозалық шығармалар пайда болған алғашқы үлгілеріне бағалаулар жасалғаны мәлім. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріндегі және одан кейінгі ғасырларындағы көрнекті шығармашылық тұлғалардың туындыларын қазақ жазба прозасының үлгілері қатарында қарастырған көрнекті әдебиеттанушы-зерттеушілеріміз профессорлар Ә.Қоңыратбаевтың, Б.Кенжебаевтың, Х.Сүйіншәлиевтің ғылыми деректі тұжырымдарын басшылыққа аламыз. Профессор Х. Сүйіншәлиев қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріндегі Әбу Нәсір әл-Фарабидың, Захир ад-дин Бабырдың, Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың еңбектерін, хан-сұлтандардың, елшілердің жазысқан хаттарын, шешен-билер сөздерін де прозалық шығармалардың алғашқы үлгілері қатарында қарастыруды ұсынады. Зерттеуші қазақ прозасының әуелгі бастау кезеңіндегі мұраларын айта отырып, Шоқан, Ыбырай, Абай өмір сүрген ғасырдағы осы дәстүрлі дамудың жалғастығына баға берген. «Түркістан уалаяты» (1870), «Дала уалаяты» газеттері мен «Айқап» журналының беттерінде жарияланған мұралардың, шығармалардың қазақ әдебиеті жанрларының, оның ішінде прозалық шығармалардың мол жазыла бастауына себеп болғанын бағалайды. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» оқу құралының жарыққа шығуы да ұлттық әдебиеттегі поэзия, проза жанрлары шығармаларының халыққа танымал болып өркендеуіне кең жол ашқанын айтады:

“Аталған басылымдар қазақ прозасына айқара есік ашқан ерекше құбылыс, ол прогрессивтік маңызымен танылды. Қазақтың төл баспасөзі кең тарауға жолдама алды... Газет бетінде поэзия мен шағын әңгіме, новелла, оқшау сөздер көптеп басылып жатты. Әсіресе “Дала уалаятының газеті” прозаның шағын түрлеріне кең жол ашты. Деректі мақала, очерк, шағын қара сөздер, аудармалар, түрлі таныстырулар, сын-сықақ үздіксіз басылып тұрды. Ал, “Айқап” журналы болса өзінің алдындағы тек жоғарыда “Дала уалаятының” бастамаларын жалғастырып қана қойған жоқ, соларға қоса көлемді көркем туындыларды, повесть, романдарды жариялап, қазақтың мол көркем прозасының көкжиегі кеңістігін паш етті. Осылайша қазақтың ұлттық прозасы жаңа қарқынмен өзінің өсу, өрлеу кезеңін бастады...”[4,10].

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік негізі – сөз арқауында айтылған әдеби-мәдени мұралар. Әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің “Қазақхрестоматиясы”[5,83] оқу құралындағы әңгімелерінің қазіргі қазақ прозасының дамуына елеулі түрде көркемдік-эстетикалық тағылым болғаны ақиқат. Оқу құралындағы әңгімелер екі бөлімге топтастырылған: “1. Ұсақ әңгіме – ертегілер (Балалар турасында)” бөліміндегі әңгімелер көркем әдебиеттің адамгершілік-имандылық тәлім-тәрбиесі қызметін атқаратын құдіретін дәлелдеген. Әңгімелердің жазылу стилінде қаламгердің өзіндік шығармашылық-педагогикалық шешім қолданғанын байқаймыз. Жазушының өзіндік мақсатына орай әңгімелер бірнеше салаға жіктеле айқындалған:

біріншісі – тарихи тұлғалар мен аңыздық, ертегілік оқиғаларға негізделі жазылған әңгімелері. Мысалы: “Сатемір хан”, “Абылай хан”, “Талаптың пайдасы”, “Ізбасты”, “Қара батыр”, “Байұлы”, “Жәнібек батыр”; екіншісі – дәстүрлі фольклор мен әдебиет шығармаларындағы мысал, мысалдама

үлгісіне сәйкес әңгімелері. Мысалы: “Өрмекші, құмырсақ, қарлығаш”, “Асыл шөп”, “Бақша ағаштары”, “Бір уыс мақта”, “Полкан деген ит”, “Тышқанның өсиеті”, “Түлкі мен ешкі”, “Қарға мен құрт”, “Сауысқан мен қарға”, “Жануарлардың дауласқаны”; үшіншісі – өмір шындығы оқиғаларын дидактикалық тұрғыда пайымдайтын педагогикалық-психологиялық түйінді әңгімелері. Мысалы: “Әке мен бала”, “Шеше мен бала”, “Аурудан аяған күштірек”, “Мейірімді бала”, “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары”.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері қазақ прозасының кейінгі дамуына зор ықпал жасады. Оның ең басты көрсеткіші – жазылған прозалық шығармалардың нақты оқырмандарына арналғаны. Ыбырай Алтынсариннің нақты оқырмандары – балалар және олардың ата-аналары, ересектер. Көркем әдебиет туындыларының халықтық сипат алып мәңгілік сақталатынының кепілі – сол шығармаларды жан жүйесімен қабылдаған, сол қабылдау сезімін ұрпақта-ұрпаққа жалғастыратын мәңгілік оқырмандарының болуы. Мәңгілік оқырмандарының ғасырлар бойы үздіксіз жалғасатынының себебі – халықтық қабылдауға ие болған туындылардағы мәңгілік бейнелердің сомдалуы. Бұл орайда, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы теориялық қисындардың уәжділігіне назар аударамыз. Әдебиеттанушы – ғалым М.Базарбаев уақыт пен кеңістіктегі мәңгілік бейнелері бар көркем шығармалардың көркемдік-эстетикалық тағылымына ғылыми баға берген:

“Мәңгілік бейнелер – белгілі бір заманда қоғамдық ортада қалыптасқан мінез-ерекшелігі бар, сонымен бірге бойынан жалпыадамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын, типтік тұлға дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер. Олар адамгершілік пен әділетсіздік, махаббат, зұлымдық, қызғаныш секілді жағымды және жағымсыз мінез, іс-әрекеттер арасындағы қайшылықты, тартысты көрсетеді. Ғасырдан ғасыр ауысып, заман өзгерсе де мұндай бейнелер өзінің танымдық, тәрбиелік мәнін жоғалтпайды”[6,138].

Шынында, Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі кейіпкерлердің барлығы да өмір шындығының жағымды және жағымсыз жақтарын танытқыш қуатымен әсерлі. Балалардың қабылдау, ойлау, түйіндеу сынды жас ерекшеліктері психологиясына орай жазылған әңгімелердің кейіпкерлері жас оқырмандардың жадында сақталады, кейін солардың өздерінің ұрпақтарына да ұсынатын ұлағат көзіне айналады. Ал, балалардың Ыбырай шығармаларынан алған әсерленуін олардың ата-аналарының да аса ықыласпен, қуана, тебірене бағалайтыны әрине, анық. Сөйтіп, балаларымен бірге ата-аналары да тұрақты оқырманға айналады. Осылайша, шебер жазылған көркем шығармалардағы мәңгілік бейнелердің оқырмандары қалыптасады. Қазіргі қазақ прозасындағы әңгімелер, повестер, романдар да Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мақсатымен жазылған әңгімелерінің көркемдік-эстетикалық ұлағатынан тағылым алған даму жолын жалғастырып келеді. Ең басты ұлағат – шығармалардағы халықтық сипат. Көркем прозалық шығармалардағы тақырып пен идея, сюжет пен композиция, стиль, тіл мәселелерінің барлығы шығармашылық мәнер-машықпен жазылғанда олардың халықтық-оқырмандық қабылдауға ие болуына қол жеткізу – басты мұрат.

Қазіргі қазақ прозасындағы Зейнолла Шүкіровтің “Сыр бойы”, Қажығұмыр Шабданұлының “Қылмыс”, Дүкенбай Досжановтың “Ақ орда”, Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, Мұхтар Мағауиннің “Мен”, Бекежан Тілегеновтің “Тұйық өмірдің құпиясы”, Сұмағұл Елубаевтің “Ақ боз үй” романдарындағы тарихи шындық және көркемдік шешім мәселелері де ұлттық сөз өнері тарихындағы қалыптасқан шығармашылық дәстүр жолымен сабақтасады.

Қазақ прозасының Шоқан, Ыбырай, Абай қалыптастырған үлгілері және одан кейінгі даму кезеңдеріндегі шығармалар – ұлттық рухани құндылықтар. Қазіргі қазақ прозасы шығармалары, оның ішінде романдар халық тарихының тағылымын, жеке қайраткер тұлғалардың адамгершілік-имандылық тұнған қасиеттерін ұрпақтардың санасына сіңіруді көздейді. Бұл – ұлттық әдебиетіміздің ғасырлар бойы қалыптасқан – классикалық үрдісінің көрсеткіші.

Реалистік әдебиет дамуы жолындағы, қазіргі қазақ прозасы шығармаларының, оның ішінде романдарының тарихи шындықпен, көркемдік шешіммен жазылуында Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері үнемі өнегелі сипатымен ерекшеленеді. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы жолында қазақ сөз өнерінің көркемдік сабақтастығындағы осындай эстетикалық ұлағаты мәңгілік жалғаса береді.

Көркем шығарма – халық тұрмысының айнасы. Көркем шығармалардағы әртүрлі жастағы адамдардың кейіпкерлер болып бейнеленуі арқылы халықтың тұрмыстық-әлеуметтік ортасының шындығы айқындалады.

Қазақтың жазба прозалық шығармаларының көркем үлгілерін жазған Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясы” кітабындағы “II. Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер” атты бөлімдегі

шығармалар ағартушы қаламгердің педагогикалық мақсатына орай жазылғанын аңғартады. Педагог-жазушының осы бөлімдегі әңгімелерінің бірнеше салаға жіктеле жазылғанын аңғарамыз: біріншісі – тарихи шындық негізіндегі тұлғалар мен қоршаған әлеуметтік орта қарым- қатынастары туралы әңгімелері (“Лұқпан әкім”, “Зеректік”, “Силинчи деген ханым”, “Дүние қалай етсең табылады”, “Қыпшақ Сейіткұл”, “Қанағат”, “Петр патшаның тергелгені”, “Жомарт”, “Тәкап-паршылық”, “Киіз үй мен ағаш үй”, “Данышпан қазы”, “Үнді”, “Жиренше шешен; екіншісі – өмір шындығын авторлық көркемдік шешім мен халықтың адамгершілік-имандылық дүниетанымы аясында жинақтап жазған әңгімелері (“Ғалым кісі”, “Малды пайдаға жарату”, “Білгеннің пайдасы”, “Таза бұлақ”, “Әдеп”, “Мұңсыз адам”, “Әділдік”, “Мұжық пен жасауыл”, “Сарандық пен жинақылық”, “Салақтық”, “Ақымақ дос”, “Жаман жолдас”, “Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ”, “Өтіріктің залалы”, “Надандық”, “Жамандыққа жақсылық”, “Үш ұры”). Ересектер туралы жазылған көркем шығармалар балалардың өздерін қоршаған тұрмыстың, тіршіліктің күрделі болмысын түсінулеріне бағдар береді. Туындылардағы ересек адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың әрі үндес, әрі карама-қайшылықты ерекшеліктері жас оқырмандардың психологиясына ықпал етеді. Тұрмыстағы әртүрлі қасиеттердің, құбылыстардың өзара ықпалдасуы, әрекеттесуі салдарынан болатын жағымды және жағымсыз құбылыстардың нәтижелерін оқырмандар түсінеді, жан-жүйесімен сезінеді.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелеріндегі тарихи тұлғалардың (Лұқпан хәкім, Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, ағылшын оқымыстысы- өнертапқышы Броун, Америка оқымыстысы Вениамин Франклин, Қыпшақ Сейіткұл, I Петр патша) өнегелі істері арқылы кейінгі жас толқынның асыл сапалы қасиетті, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ету көзделгені ақиқат. Ал, екінші топтағы әңгімелерінде жеке адам мен оны қоршаған әлеуметтік ортаның жағымды және жағымсыз қасиеттерін салыстыра, шендестіре бейнелеулер арқылы да адамгершілік-имандылық ұлағатын ұқтыру мақсат етілген. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері қазақ прозасындағы шығармалардың мазмұны мен пішіні жүйесіндегі көркемдік сипаттың қалыптасуы үшін маңызды болып саналады. Себебі, прозалық шығармалардың шағыны (әңгіме) да, орта (повесть), кең көлемдісі (роман) де тарихи шындықпен жазылады, әрқайсысынан жазушының өзіндік көркемдік шешімі танылады.

Академик З. Қабдолов былай дейді: “Кең көлемді ... эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар шындықтың жекелеген эпизодтарын суреттеумен тынбайды, әдеби шығармаларға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жинақтайды. Адам мен қоғам өмірінің қандай ақиқаты болсын, мұнда бүкіл тамыр тереңімен, қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады”(З.Қабдолов,1983).Осы пікірге сүйене отырып, қазіргі қазақ романдары поэтикасының болмысын бағдарлаймыз, оларға негіз болған академик З.Қабдолов айтқандай: “Абай Құнанбаевтың ғақлиясы мен Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері...”[7,313] екендігіне назар аударамыз.

Қазіргі қазақ романдары – біздің ұлттық әдебиетіміздің әлемдік өркениет деңгейіндегі биік дәрежесінің көрсеткіші. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму жолындағы барлық кезеңдерінде іргетасы қаланып, жанрлық толысуы, кемелденуі саралана түскен роман жанрындағы шығармалар ұлттық туындылардың жалпыадамзаттық рухани құндылықтар қатарына қосылғанын дәлелдеді. Қазақ романистикасының тарихындағы Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал”, Спандияр Көбеевтің “Қалың мал”, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Қамар сұлу”, “Кім жазықты?”, Шәкәрім Құдайбердиевтің “Әділ-Мария”, Жүсіпбек Аймауытовтың “Қартқожа”, “Ақбілек” романдары арқылы прозалық эпостың кең көлемді түрін игерудің классикалық үрдісі қалыптасты. Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Сәбит Мұқановтың, Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің, Хамза Есенжановтың, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, Тахауи Ахтановтың, Сафуан Шаймерденовтің, Зейнолла Қабдоловтың және т.б. кейінгі толқын қаламгерлердің романдары ұлттық әдебиетіміздің рухани құндылықтары қатарын байыта, тереңдете, кеңейте түсті. Ыбырай Алтынсарин әңгімелері – қазіргі қазақ прозасындағы шығармалардың, оның ішінде романдардың да көркемдік негізі. Әлем әдебиеттерінің тарихындағы тарихи роман, психологиялық роман, публицистикалық роман, роман-күнделік, роман-фельетон және т.б. үлгілер қазақ сөз өнері топырағында қаулап өсті, өркендеді. Қазақтың жазба прозалық шығармалары жазыла бастаған кезеңдердегі алғашқы салынған көркемдік үлгілердің осындай кемелдену биіктігіне жетуге мол мүмкіндік, айқын бағдар бергендігі ақиқат.

Қазіргі қазақ романдарының біразы ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басында жарыққа шықты. Қазақстан атты ежелгі тарихының жаңа кезеңіне көшкен, байырғы жолы бұған

дейінгі талай мыңжылдықтардан басталған, қалыптасқан мемлекетіміздің, қазақ ұлтының көркем әдебиеттегі бейнеленуі сөз арқауындағы дәстүрлі шығармашылық үрдіс аясында қарастырылады.

Қазақтың ұлттық тарихындағы ең басты оқиғалар, қайраткерлер жаңа жарыққа шыққан романдардың мазмұны мен пішіні арқауында қамтылуда. Ілияс Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің “Соңғы парыз”, Зейнолла Шүкіровтың “Сыр бойы”, Қажығұмар Шабданұлының “Қылмыс”, Дүкенбай Досжановтың “Алаң”, Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, Мұхтар Мағауиннің “Тармақ”, Бекежан Тілегеновтің “Тұйық өмірдің құпиясы”, Смағұл Елубаевтың “Ақ боз үй”, т.б. жазушылардың романдары қазіргі қазақ әдебиетінің классикалық дәстүрді жалғастырған болмысын көрсетеді. Әдебиеттегі жеке қаламгерлердің шығармалары арқылы сөз өнері дамуының тұтас кеңістігі құралады.

Қазіргі қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 90-жылдарынан басталған жаңа кезеңінде де ғылыми зерттеулер мен көркем шығармалар жазу үрдісінде тарихи шындық пен көркемдік шешім тұтастығы классикалық дәстүрлі жолды байыта, тереңдете түсуде. Әрине, рухани мәдениеттің негізгі арнасы көркем шығармалар — үздіксіз туындап жататын әдеби даму қозғалысының жемісі. Бұл – әдеби процесс. Қазіргі әдебиеттану бағалауы (А.Ісімақованың пікірі) бойынша:

“Әдеби процесс – бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы. Әдеби процесс әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сападағы кесек образдар мен қарапайым бейнелер кескінделген қарадүрсін шығармалардан - көпшілікке арналған әдебиеттерге дейін өз бойына сіңіріп отырады. Мұның қатарына олардың жиі жарық көретін жарияланымдар мен басылымдары, әдеби сын, естеліктер, әдеби эпистолярлық жанрларда жазылған оқырмандардың үн қатысуы да жатады”[6,105].

Көркем шығармалары мен сөз өнері мұраларын зерттеу еңбектерін тарихи-әдеби даму сабақтастығы негізінде өрбіткен ғалым-қаламгерлер шығармашылығы әдеби процесс кеңістігіндегі өзіндік үлесімен бағаланады. Қазақ әдебиеті тарихындағы мұраларды ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар сабақтастығы үндестігі тұрғысынан қарастырған зерттеулер әдеби процессті ғылыми зерделеудің озық өнегесі болды. Ал, ғалым-жазушылардың әдебиет тарихына арналған зерттеулері мен көркем туындылары (өлең, поэма, повесть, роман) да қазақ сөз өнері әдеби процесіндегі шығармашылық үлестерін танытты. Әдебиетші ғалым және ақын, прозашы, драматург қаламгер тұғырындағы шығармашылық тұлғалары олардың ұлттық сөз өнері дамуы тарихындағы ұлағатын ұрпақтарға ұқтыра түседі. Ұрпақтардың ұлағаты осындай дара тұлғалардың өнегесімен жалғаса береді.

Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалар жазу үрдісінде авторларының елге танымал тұлғалар (мемлекет басшысы, белгілі би-шешен, оқымысты ғалым, т.б.) болуында да осындай жалғастық жүйесі байқалады. Сонау түркі өркениеті жазба жәдігерліктерінің де, бұдан кейінгі дидактикалық-философиялық дастандардың, шежірелік баян мұраларының және жазба реалистік шығармалар авторларының ел тарихындағы белгілі тұлғалар болуы да осылайша жалғасуда. Ал, сөз арқауындағы әдебиет тарихы мұраларының тарихилық ортада дамуы да мыңжылдықтар бойы жалғаса дамыған төл тарихы бар халқымыздың мәңгілік жолын айқын танытады. Көркем әдебиет шығармалары – халық тарихының айнасы. Қазіргі қазақ романдарының тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы арнасындағы даму жолы халқымыздың көркемдік-эстетикалық ойлау деңгейі көрсеткіші ретінде бағаланады. Қазақ прозасының қазіргі заманғы өркениет деңгейіндегі дамуын танытатын бұл шығармаларда ұлттық тарихымыз, жекелеген қайраткерлеріміз көркемдік ойлау заңдылықтарына сәйкес бейнеленген. Ең бастысы – қазақ тарихындағы халықтық тәлім-тәрбие, ағартушылық-эстетикалық мұрат бағдарындағы дүниетаным кеңістігі дамытыла түскен.

**Қорытынды.** Қазіргі қазақ романдары – тарихи шындық және көркемдік шешім бірлігі поэтикасының көрсеткіші. Ғасырлар бойы халықтық-ұлттық дербестікті сақтау, діл, тіл, дін мәселелерін ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап жеткізу көрнекті қайраткерлеріміздің (хандардың, батырлардың, би-шешендердің, ақын-жыраулардың, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, т.б.) негізгі қызмет бағдары болды. Қазақ тарихының шынайы сипатын, көрнекті қайраткерлеріміздің қызметін нақты көрсетіп жазуға мүмкіндік туған кезеңдегі қаламгерлер туындыларының ұлттық және әлемдік өркениеттік талаптарға сәйкес шеберлік деңгейлері анықталады.

Сондықтан, қазіргі қазақ романдарының тарихилығы ұрпақтарды сөз өнерінің азаматтық-отаншылдық рухымен тәрбиелеу жолындағы қызметін күшейте түседі. Ал, қаламгерлердің романдарындағы көркемдік шешім деңгейлері арқылы тарихи даму, тұлға даралығы мәселелерінің

көркемдік ойлау тұрғысындағы тағылымы анықталады. Қорыта айтқанда, жаңа жазба реалистік әдебиет шығармаларының, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин прозасының қазіргі қазақ романдары үшін үлгі, негіз болғаны – сөз өнері дамуындағы көркемдік жалғастықтың көрінісі. Шығарманың тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық сипатындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерінің поэтикалық тұрғыда болуы әдеби дамудағы табиғи сабақтастық желісі арқылы жүзеге асырылады. Қазақтың қазіргі және болашақтағы әдеби дамуы жолында осындай дәстүр жалғастығының сақталатындығы анық.

Қазақ әдебиетіндегі көлемді эпикалық шығармалар жазу үрдісінің шежірелік туындылар арқылы негізі қаланғаны анық. Әдеби шығармада халық тарихының маңызды кезеңдерін эпикалық көлемде камтуда қаламгерлер баяндау, тұлғаларды даралау, құбылыстар мен қасиеттерді жинақтау мәселелерін өнер туындысына лайықты талаптармен орындаудың үлгілерін жасады. Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың тарихилық негізділігінің дамыта жазылуы әлем өркениетіндегі тектес, үндес шығармашылық үрдісімен де үндестік жағдайында көрінеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы, Жазушы, 1986. – Т. 1: Өлеңдер мен поэмалар. – 304 б. - кітап
- 2 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы, Жазушы, 1986. – Т. 2: Аудармалар мен қара сөздер. – 200 б. - кітап
- 3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы, Жазушы, 1985. – 560 б. - кітап
- 4 Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық / Құрастырған және алғы сөзін жазған Х.Ж. Сүйінішәлиев. 1-том: 564 б.; 2-том: 564 б.; 3-том: 548 б.)– Алматы: Ғылым, 2001. - кітап
- 5 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия).– Алматы: Білім, 2003. – 112 б. - кітап
- 6 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, Ана тілі, 1996. – 240 б. - кітап
- 7 Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері.–Алматы, Мектеп, 1983.–368 б.

*References:*

- 1 Abai (İbrahim Qūnanbaev). Eki tomдық şyğarmalar jinağy.– Almaty, Jazuşy, 1986. – Т. 1: Öleñder men poemalar. – 304 b. - kitap
- 2 Abai (İbrahim Qūnanbaev). Eki tomдық şyğarmalar jinağy.– Almaty, Jazuşy, 1986. – Т. 2: Audarmalar men qara sözder. – 200 b. - kitap
- 3 Uälihanov Ş. Tañdamaly. 2-bas. – Almaty, Jazuşy, 1985. – 560 b. - kitap
- 4 Qazaq prozasy: Hrestomatia. Üş tomдық / Qūrastyrğan және алғы sözін jazған H.J. Süiñşäliev. 1-tom: 564 b.; 2-tom: 564 b.; 3-tom: 548 b.)– Almaty: Gylym, 2001. - kitap
- 5 Altynsarin Y. Qazaq hrestomatiasy (Kirgizskaia hrestomatia).– Almaty: Bilim, 2003. – 112 b. – kitap
- 6 Ädebiattanu terminleriniñ sözdığı / Qūrastyrğandar Z.Ahmetov, T.Şañbaev. – Almaty, Ana tılı, 1996. – 240 b. - kitap
- 7 Qabdolov Z. Söz öneri: ädebiet teoriasynyñ negizderi.–Almaty, Mektep, 1983.–368 b.

**МРНТИ 17.72.92**

Сарбасов Б.С.,<sup>1</sup> Орынханова Г.А.,<sup>2</sup> Егізбаева З.С.<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## **ОРАЛХАН БӨКЕЙ «БӘРІ ДЕ МАЙДАН» ПОВЕСІНДЕГІ ЗАМАНДАСТАР БЕЙНЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада Оралхан Бөкейдің әңгіме, повестерінің мәні мен маңызы қарастырылады. Оралхан Бөкейдің әңгімелері мен повестеріндегі қаһармандар образының жасалу жолдарына талдау жасалынады. Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз.